

Сүгір Әліұлы атындағы жалпы орта мектебінің физика және информатика пәндерінің оқытылуы мен білім сапасы

Физика және информатика пәні әдістемелік бірлестігінде оқу жылының басында 5 мұғалім (Сайдалиев Ербаян, Жумабекова Гулфарида, Дүйсенова Айнұр, Нұрханов Ердаулет, Андикова Гулшат) жұмыс жасады. Барлығы жоғары білімді ұстаздар. Әдістемелік бірлестік жұмысы нәтижелі, әрі күрделі. Осы мақсат пен міндеттерді орындау үшін әдістемелік бірлестіктің жылдық жоспары түзіліп, мектеп директорымен бекітіліп, жоспарға сай жұмыстар өз дәрежесінде орындалуда.

Бірінші жарты жылдық қорытындысы бойынша физика және информатика пәндерінен 5-11 сыныптар аралығында білім сапасы көрсеткіші төмендегідей болды.

Информатика пәні

№	ББМ атауы	Оқушы	Үлгерімі			Орташа балл	Үлгерім	Білім сапасы
1	Сүгір Әліұлы	401	85	185	129	3.9	68%	100%

2 оқушы үйден оқиды

Физика пәні

№	ББМ атауы	Оқушы	Үлгерімі			Орташа балл	Үлгерім	Білім сапасы
1	Сүгір Әліұлы	273	32	99	140	3.6	48%	100%

2 оқушы үйден оқиды

2023-2024 оқу жылында пән мұғалімдері мен оқушыларының жетістіктері:

Аудандық оқушылар арасындағы пәндік олимпиададан физика пәні бойынша 9 сынып оқушысы Аманбайұлы Серікболсын 2 орын, жетекшісі Нұрханов Ердаулет;

Аудандық оқушылар арасындағы пәндік олимпиададан физика пәні бойынша 8 сынып оқушысы Жарылқасын Айғаным 3 орын, жетекшісі Нұрханов Ердаулет;

Аудандық оқушылар арасындағы пәндік олимпиададан физика пәні бойынша 7 сынып оқушысы Ерсін Дариға 2 орын, жетекшісі Андикова Гулшат;

Аудандық оқушылар арасындағы пәндік олимпиададан информатика пәні бойынша 7 сынып оқушысы Шекербек Алмат 2 орын, жетекшісі Дүйсенова Айнұр;

Мектепшілік 2-7 сыныптар арасынан «Үздік ғылыми жоба-2024» ғылыми жұмыстан Талапбекқызы Мерей алғыс хат, жетекшісі Дүйсенова Айнұр;

Мектепшілік 8-10 сыныптар арасынан «Үздік ғылыми жоба-2024» ғылыми жұмыстан Тұрсын Перизат алғыс хат, жетекшісі Дүйсенова Айнұр;

05.02-09.02.2024 ж. аралығында Сүгір Әліұлы атындағы жалпы білім беру мекемесінде «Цифрлық сауаттылық және физика әлемі» тақырыбында физика және информатика пәндер апталығы өткізілді. Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет. XXI ғасыр – ақпараттық коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді

ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Аталған мақсаттарға жету барысында апталық аясында өткен физика және информатика пәндерінің бірігіп атқарған жұмыстары үздік нәтиже көрсетті.

Апталық барысында мұғалімдер ұйымдастырған іс-шаралар заман талабына сай ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы өтті. Ашық сабақтар, интеллектуалды сайыстар, кештер өз деңгейінде өтті. Осы жылы бірлестікпен жоспарланған ашық сабақтар мен мектепшілік сыныптан тыс іс-шаралар өткізілді.

Бірлестіктің апталық жоспарымен таныстыру мақсатында алғашқы күні «Цифрлық сауаттылық және физика әлемі» деген тақырыпта апталықтың ашылуы өткізілді. Ашылу мектеп ұжымы мен оқушыларының толық қатысуымен өткізілді. Апта бойы атқарылатын жұмыстар әр сыныпқа бөлініп берілді. Жоспар бойынша физика және информатика пәндерінен ашық сабақтар мен сыныптан тыс жұмыстар өткізілуі жоспарланды.

06.02.2024 күні информатика пәні мұғалімі Сайдалиев Ербаян 8 «Ә» сыныбына «Break циклін басқару» ашық сабақ өтті. Оқушылар белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Сабаққа бірлестік мұғалімдері қатысып талдау жасалды. Сабақта толық жоспар жүзеге асырылып, мақсатына жетті, қатысушы ұстаздардың көңілінен шықты.

06.02.2024 күні физика пәні мұғалімі Андикова Гүлшат 7 «Ә» сыныбына «Атмосфералық қысым. Атмосфералық қысымды өлшеу» ашық сабақ өткізді. Оқушылар белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Сабаққа бірлестік мұғалімдері қатысып талдау жасалды. Сабақта толық жоспар жүзеге асырылып, мақсатына жетті, қатысушы ұстаздардың көңілінен шықты.

06.02.2024 күні информатика пәні мұғалімі Дүйсенова Айнұр «Информатика жұлдыздары» сайыс сабақ өткізді. Сайыс өз деңгейінде өтіп, оқушылар мен қатысушы ұстаздардың көңілінен шықты.

07.02.2024 күні физика пәні мұғалімі Нұрханов Ердәулет 7 сыныптар арасында «Ұшқыр ой» интеллектуалдық сайыс ұйымдастырып, оқушылар сайысқа белсене қатысты.

07.02.2024 күні үлкен үзіліс кезінде оқушылардың қатысуымен тәжірибелер көрсетілді.

08.02.2024 күні физика пәні мұғалімі Андикова Гүлшат 9 сыныптар арасында «Қызықты физика» сайыс сабақ ұйымдастырды.

08.02.2024 күні информатика пәнінің мұғалімі Жұмабекова Гүлфарида 4 сыныптар арасында «Кішкентай білгірлер» сайыс сабақ өткізді.

09.02.2024 күні физика пәні мұғалімі Нұрханов Ердәулет 7 «А» сыныбына «Кері итеруші күш. Архимед заңы» ашық сабақ өткізді. Ашық сабақ барысында мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс көрініс тауып, сабақ өз деңгейінде өтті деп бағаланды.

09.02.2024 күні информатика пәні мұғалімі Жұмабекова Гүлфарида 3 «А» сыныбына «Мәтіндегі иллюстрациялар» ашық сабақ өткізді. Оқушылар белсене қатысып, өз білімдерін көрсетті. Сабаққа бірлестік мұғалімдері қатысып талдау жасалды.

09.02.2024 күні информатика пәні мұғалімі Дүйсенова Айнұр 5 «А» сыныбына «Роботтехниканың тарихы және оның келешегі» ашық сабақ өтті. Сабақта толық жоспар жүзеге асырылып, мақсатына жетті, қатысушы ұстаздардың көңілінен шықты.

09.02.2024 күні информатика пәні мұғалімі Сайдалиев Ербаян 10 сыныптар арасында «Бәрекелді» интеллектуалдық ойын ұйымдастырды. Ойынды өткізу барысында Ербаян жаңа технологияларға негізделген заманауи әдіс – тәсілдерді ұтқыр қолдана білді. Оқушыны жан жақты құзіретті тұлға ретінде қалыптастыру үшін осындай форматтағы сайыстар жүйелі түрде өткізіліп тұру тапсырылды.

9 ақпан күні физика және информатика бірлестігі «Цифрлық сауаттылық және физика әлемі» тақырыбындағы апталықты қорытындылап, жеңімпаз оқушылар марапатталды.